

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылдың «28» ақпандағы
№ 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
МҮЛІКТІ ЗАЛАЛДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ.....	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	8
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	9
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЖЕРІ.....	12
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	13
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	14
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	17
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН	17
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	17
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН	18
ШАРТТАРЫ	18
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	21
14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	23
15. ҚОСЫМША ШАРТТАР.....	23

	«Виктория» СК» АҚ Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 3-ші бет
---	---	--	---------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Мүлікті залалдан сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Мүлікті сақтандыру – «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабының 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында көрсетілген мүлікті қоспағанда, мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік жүргізуге байланысты тұлғаның мүліктік мүддесіне оның зақымдануы немесе жойылуы, ұрлануы салдарынан келген залалды ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

1.3. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) мүлікті залалдан ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы мүлікті залалдан ерікті сақтандыруды жүзеге асырады. Сақтандыру шарттары жазбаша немесе электронды түрде жасалады.

1.4. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы сыныбы (түрі) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – осы Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) Сақтандыру полисі – Сақтандыру шартының жасалғанын, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) беретін атаулы құжат;
- 4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 5) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 6) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 7) Пайда алушы – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 8) Мүлік – біреудің меншігіндегі құнды заттар. Олар жылжымалы және жылжымайтын болып бөлінеді;
- 9) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі мен тәуекел сипаты сипатталған, басқа шарттармен қатар, белгіленген сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;
- 10) сақтандыру қорғанысы – Сақтандырушының Сақтандыру шартында айтылған сақтандыру жағдайының басталуының нәтижесінде сақтандырылған мүліктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы салдарынан Сақтанушының мүліктік мүддесіне келген залалды өтеу міндеттемесі;
- 11) Сақтандырылған тәуекелдер – Сақтандыру шартында көрсетілген, ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар, кенеттен басталуының салдарынан сақтандырылған мүліктің жойылуына, зақымдануына немесе жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін болжалды оқиғалар;

12) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

13) Сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) Сақтандыру жағдайы – Ережемен және/немесе Сақтандыру шартымен қарастырылған орын алған оқиға, ол оқиға басталған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты соның пайдасына жасалған басқа тұлғаға сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайды;

15) Сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы.

16) Франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

17) Екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.5. Сақтанушылар сақтандырылған мүліктің сақталуына негізді мүддесі бар үшінші тұлғалардың пайдасына Сақтандырушымен Сақтандыру шарттарын жасауға құқылы.

1.6. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері Сақтандырылушыға да, Пайда алушыға да теңдей дәрежеде қолданылады. Сақтандырылушының немесе Пайда алушының өз міндеттерін орындамауы, оларды Сақтанушы орындамаған жағдайдағы салдарға әкеп соқтырады.

1.7. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтандыру шартында көрсетілген Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру туралы Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлайды. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін немесе Пайда алушы Сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндетін орындағаннан кейін, немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін Пайда алушыны ауыстыруға болмайды.

1.8. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтандыру шартында көрсетілген мүлікті иемденуге, пайдалануға, билік жүргізуге, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде туындауы мүмкін қосымша шығындарға байланысты Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүлдіктік мүддесі – сақтандыру объекті болып табылады.

2.2. 3 Сақтандыру шартында көрсетілген мүлік сақтандырылған болып саналады, атап айтқанда:

1) жылжымайтын мүлік;

2) жылжымалы мүлік.

2.3. Егер сол мүліктің иесі сақтандыруға қарсы болмаса, Сақтанушыға қайта өңдеу, пайдалану, сақтау немесе сату үшін берілген мүлік сақтандырылуы мүмкін.

2.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай белгіленбеген болса, Сақтандыру шарасы сақтандырылған жайдағы, бірақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) меншік иесі (жалдаушы, сақталуына жауапты және т.с.с.) ретінде билік жүргізбейтін мүлікке қолданылмайды.

2.5. Ерікті сақтандыру шартының субъектілері болып келесілер табылады: Сақтандырушы, Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы.

2.6. Сақтандыру шартында көзделген жағдайдың басталуы нәтижесінде кездейсоқ жойылу немесе зақымдану тәуекелінен заңды және жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру – Сақтандыру шартының мәні болып табылады.

2.7. Осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты соның пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

2.8. Келесілер сақтандырумен өтелмейді:

- 1) қаңқа-қамысты, саманнан салынған, сондай-ақ қабырғалары түрлі (аралас) материалдардан (кірпіш, саман, қаңқа-қамысты және т.с.с.) тұрғызылған жылжымайтын мүлік, ескі ғимараттар;
- 2) 50 жылдан астам уақыттан бері пайдаланылып жатқан жылжымайтын мүлік.

2.9. Келесілер сақтандырылмайды:

- 1) қолма-қол ақша;
- 2) акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың басқа түрлері;
- 3) қолжазбалар, фотосуреттер, негативтер, жоспарлар, сұлбалар, сызбалар және басқа құжаттар, бухгалтерлік және іскери кітаптар;
- 4) кез келген түрдегі тасымалдағыштардағы ақпараттар;
- 5) модельдер, макеттер, үлгілер, формалар, көрме нұсқалары және т.с.с.;
- 6) бағалы металдар мен асыл (жартылай асыл) тастар, зергерлік бұйымдар, асыл, жартылай асыл және жасанды тастардан жасалған бұйымдар;
- 7) өнер туындылары, топтамалар, антиквариат;
- 8) компьютерлік және аналог жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдағыштар, атап айтқанда магнитті таспалар мен кассеталар, магнитті дискілер, жад блоктары және т.б.;
- 9) көлік құралдары, жылжымалы құрылыс, ауыл-шарушылық машиналары немесе басқа да машиналар, тұрғын вагондар, жылжымалы үйшіктер және солардың жабдықтары;
- 10) азық-түлік, спиртті ішімдіктер және темекі заттары;
- 11) ауыл шаруашылық жануарлары, көп жылдық көшеттер және ауыл шаруашылық дақылдарының түсімі;
- 12) ғимараттар мен үйлердің сыртқы бетіне бекітілген заттар (дінгектер, антенналар және т.б.);
- 13) банкоматтар, оның ішінде монеталармен және жетондармен қызмет көрсетілетін автоматтар, сондай-ақ ақша ұсақтайтын және беретін автоматтар;
- 14) жарылғыш заттар.

Бақылау кассалық аппараттар, ақша қайтымын беруге арналған автоматтар мен монета қабылдағыш автоматтар, оларға ақша ұсақтайтын және беретін автоматтарды қоса, осы Ережеге сәйкес құнды заттар қоймасы болып саналмайды.

2.10. Жекелеген сақтандыру сыйлықақылар үшін Сақтандырушының шешімі бойынша осы Ереженің 2.8, 2.9-тармақтарында көрсетілген мүлік сақтандырылуы мүмкін, бұл орайда аталған мүліктің жойылуының, ұрлануының, зақымдануының немесе бұзылуының салдарынан залалды ішінара немесе толық өтеуге байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүддесі – сақтандыру объекті болады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасау кезіндегі мүліктің шынайы құнынан аспауы тиіс. Мүлік иесінің мүліктік мүддесі сақтандыру сомасын белгілеу үшін айқындаушы болып табылады.

3.2. Мүлік әрі толық құнына, әрі Сақтандырушының жауапкершілік шегі болып табылатын шекті сомаға сақтандырылуы мүмкін.

3.3. Толық құнына сақтандырған кезде мүлік сақтандыруға келесідей мөлшерде қабылданады:

- 1) Ғимараттар мен үйлерді сақтандыру кезінде – сол жергілікті жердегі сақтандыруға қабылданып жатқан ұқсас ғимараттар мен үйлердің құрылысы құнына, олардың тозуы мен пайдалану-техникалық күй-жайына қарай немесе Сақтандыру шартын жасаған сәттегі орташа нарықтық құнына қарай;

- 2) станоктарды, жабдықтарды және құрал-саймандарды сақтандыру кезінде – тозуын ескере отырып, сақтандыруға қабылдап жатқан ұқсас мүлікті сатып алу үшін қажет сомаға қарай;
- 3) Сақтанушы сатып алған тауар-материалдық құнды заттарды (оның ішінде шикізатты, жартылай фабрикаттарды) сақтандыру кезінде – Сақтанушының бухгалтерлік есебінің деректерінің негізінде айқындалатын мүліктің орташа есептелген құнына қарай;
- 4) Сақтандырушы өндіріп шығаратын тауар-материалдық құнды заттарды сақтандыру кезінде – Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі өнімнің орташа нарықтық құнына қарай;
- 5) Шарт бойынша қатынастардың нәтижесінде алынған мүлікті сақтандыру кезінде – Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі мүліктің орташа нарықтық құнына қарай;
- 6) әрі Сақтанушыға тиесілі, әрі Жалға алу (жалдау) шарты бойынша соған өткізілген жайлардың өңделімін (сылақ, шпатлевка, бояу, тұсқағаз, паркет, линолеум және т.с.с.) бағасын көрсетпей сақтандыру кезінде – Сақтанушы немесе жалға алушы жөндеуге және/немесе жайды өңдеу жұмыстарына жұмсаған шығындарға қарай.

3.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру шартын жасау сәтіне сақтандыру сомасы сақтандырылған мүліктің шынайы құнынан төмен бағамен белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін нақты залал бөлігінің шынайы құнға шаққандағы сақтандыру сомасына тең мөлшерінде төлейді.

3.5. Сақтанушы мен Сақтандырушының арасындағы келісім бойынша, егер бағасын басқаша тәсілмен айқындау қиын болса және сақтандырылған мүлік туралы ақпараттың өзгеруіне әкеп соқтыратын болса, мүліктің шынайы құны тәуелсіз сараптамалық бағалаудың негізінде айқындалуы мүмкін.

3.6. Егер Сақтандыру шартында арнайы көзделген болса, мүліктің немесе шығындардың жекелеген түрлері «алғашқы тәуекел» қағидаты (бір сақтандыру жағдайы бойынша, нақты сақтандыру тәуекелі бойынша немесе жалпы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің максималды мөлшері) бойынша сақтандырылуы мүмкін. Бұл орайда, сақтандыру сол өтем көлемінде залалдарды төлейтін келісілген өтем лимиті – сақтандыру сомасы болып табылады. «Алғашқы тәуекел» жүйесі бойынша сақтандыру кезінде сақтандыру туралы ереже сақтандыру құнынан төмен сомаға қолданылмайды. «Алғашқы тәуекел» базасындағы сақтандыру шарасы Сақтандыру шартында арнайы көрсетілуі тиіс

3.7. «Алғашқы тәуекел» базасындағы сақтандыру бойынша сақтандыру төлемін төлегеннен кейін сақтандыру сомасы төленген соманың шамасына азайтылады. Ол азайту сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап сақтандыру кезеңі аяқталғанға дейін қолданылады. Сақтанушының өтініші бойынша зақымданған мүлікті қалпына келтіргеннен немесе ауыстырғаннан кейін сақтандыру сомасы, қосымша сыйлықақы төлеген жағдайда, Сақтандыру шартын жасау кезінде келісілген сомаға дейін арттырылуы мүмкін.

3.8. Мүлікті ерікті сақтандыру шартында әр сақтандыру жағдайы бойынша франшиза қарастырылады – бұл залалдың бөлігін өтеуге Сақтанушының өзі қатысуын білдіреді, оның мөлшері мен түрі Тараптардың келісімімен әрі абсолютті мәнде, әрі сақтандыру сомасының пайызымен белгіленеді.

3.9. Сақтандыру шартын жасағанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау құқығын пайдаланбаған Сақтандырушыны Сақтанушы мүліктің құнына қатысты адастырған жағдайды қоспағанда, Сақтандыру шартында көрсетілген мүліктің шынайы құнымен келешекте дауласуға болмайды.

3.10. Егер Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мүліктің шынайы сомасынан асып кетсе, онда Сақтандыру шарты соманың асып кеткен бөлігінде жарамсыз болады.

3.11. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында көрсетілген әр сақтандырылған объекті бойынша немесе объектілер жиынтығы (мүліктер тобы, санаты) бойынша жеке-жеке белгіленеді.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сипаттамасын ескере отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай, әрі жалпы сақтандыру сыйлықақысы, әрі әр объекті бойынша және/немесе әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

4.3. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты анықталатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын немесе төмендетілетін коэффициенттерді пайдалануға құқылы: мүліктердің салынған жылы, жарылғыштығы, өрт немесе күзет дабылының болуы, коммерциялық мақсатта пайдаланылуы және т.с.с.

4.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен немесе мерзімді сақтандыру жарналарының түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлейді.

4.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу – Сақтандыру шартының қолданысын бірден (Тараптарға хабарламай-ақ) тоқтатады. Бұл орайда сақтандыру сыйлықақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

4.6. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы – Сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданылған және Сақтандырушы өз міндеттемелері бойынша Сақтанушының алдында жауапты болуы тиіс болған кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеуден босатпайды.

4.7. Егер Сақтандыру шартының қолданысы Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуінің салдарынан тоқтатылған болса, оның қолданысы қайта қалпына келтірілуі мүмкін. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі бұл ретте ұзартылмайды. Сақтандырушыға Сақтандыру шарты бойынша оны бұзған сәттен бастап оның қалпына келтірген сәтке дейінгі кезеңде жауапкершілік артылады және сол кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі төленбейді.

4.8. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтке дейін Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (алғашқы сақтандыру жарнасын) төлемеген болса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады.

4.9. Егер сақтандыру жағдайы төлеу мерзімі кешіктірілген кезекті сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде) төлегенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

4.10. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кешіктірген кезде Сақтандырушы залалдарды өтеуді, сондай-ақ төлемді кешіктіргені үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

4.11. Егер кейінгі сақтандыру жарнасы уақытылы төленген болса, онда Сақтандырушы белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеу үшін 15 (Он бес) күнтізбелік күннен аспайтын уақытты құрайтын мерзім тағайындайды, сол мерзім өткеннен кейін басталатын салдарды көрсетеді.

4.12. Сақтандыру шартын он екі айдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақысының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен есептегендегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0

7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам	100,0

4.13. Егер Сақтандыру шартында басқалай айтылмаған болса, Сақтанушы Сақтандырушыдан сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу туралы тиісті шот алғаннан кейін 5 (Бес) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтандырылған мүліктің Сақтандыру шартында белгіленген оқиғаның немесе оқиғалар жиынтығының (сақтандырылған тәуекелдердің) басталуы нәтижесінде сақтандырылған мүліктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы – осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы деп танылады. Егер сақтандырылған мүліктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде және келісілген сақтандыру аумағының шегінде орын алған болса, ол оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.2. Төменде көрсетілген оқиғалардың (оқиғалар жиынтығының немесе олардың кез келген түрде орын алуының) нәтижесінде орын алған мүліктің жоғалуы, жойылуы немесе зақымдануы – сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) өрт, найзағай соғу, жарылыс. От жағуға және ұстауға арналған орындардан тыс жерлерде жанған өрт немесе белгіленген арнайы орындардан тыс жерге таралған және өздігінен таралуы мүмкін жалын – өрт деп түсініледі. Найзағайдың тікелей затқа соғуы – найзағай соғу деп түсініледі. Газдар мен буларды таралуына негізделген кенеттен туындаған күш – жарылыс деп түсініледі. Сұйыққойманың (қазандықтың, су құбырларының және т.с.с.) жарылысы – оның қабырғалары бұзылғанда және сұйыққойманың ішінде және сыртында қысым айырмашылығы кенеттен теңескенде орын алады. Егер сұйыққойманың ішіндегі жарылыс химиялық реакцияның нәтижесінде орын алған болса, онда сұйыққойманың бүлінуінің салдарынан келген залал оның қабырғаларының бүтіндігі бұзылған ба, жоқ па, оған қарамастан өтелуі тиіс. Жану камерасында болған жарылыстың нәтижесінде іштен жанатын қозғалтқыш қондырғыларынан келген залалға, сондай-ақ газдың туындайтын ішкі қысымының нәтижесінде электр ажыратқыш элементтеріне келтірілген залалға сақтандыру өтемі қолданылмайды;
- 2) дүлей апаттар: су тасқыны, жер сілкінісі, вулканның атқылауы, жерасты оттың әрекеті, жердің шөгуі, таудың құлауы, тас құлау, қар массасының қысымы, тау көшкіні, жойқын дауыл (сұрапыл жел), құйын, сел басу, жерасты сулардың әрекеті және т.с.с.;
- 3) Құбырлардың жарылуының салдарынан су құбырларынан, кәріз құбырларынан, жылыту жүйесінің құбырларынан аққан судың басуы. Автоматты өрт сөндіру жүйесінің жалған түрде іске қосылуын қоспағанда, қосымша тәуекелдер ретінде Мүлікті сақтандыру шартының ережелерімен автоматты өрт сөндіру жүйесінің іске қосылуының нәтижесінде су басу, табиғи құбылыстардың нәтижесінде су басу, түтіннің әсері және т.б. сақтандырумен өтелуі мүмкін;
- 4) көлік құралының соғып кетуі;
- 5) ағаштардың және басқа заттардың құлауы;
- 6) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері: ұрлық, тонау, қарақшылық, үшінші тұлғалардың мүлікті қасақана жоюы (зақымдауы), бұзақылық;
- 7) сақтандырылған мүлікке ұшқыш басқаратын ұшу аппараттарының, олардың сынықтарының немесе ұшу аппараттарынан түскен заттар мен жүктердің құлауы.

5.3. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты жабдықтың сыну (бұзылу) тәуекелімен толықтырылуы мүмкін.

«Жабдықтың сынуы (бұзылуы)» тәуекелі бойынша сақтандыру өтемі төменде көрсетілген жағдаяттардың нәтижесінде машиналар мен жабдықтардың (немесе олардың бөлшектерінің) жойылуына немесе зақымдануына әкеп соқтыратын сақтандыру жағдайларына қолданылады:

- 1) электр тогының қысқа тұйықталуы, электр желісінің шамадан асып кетуі, кернеудің төмендеуі, атмосфералық разрядтың электр қуатына әсері;
- 2) гидравликалық соққы;
- 3) бу қазандықтарының, іштен жанатын қозғалтқыштардың, басқа қуат көздерінің жарылысы;
- 4) төмен температуралардың әрекеті;
- 5) тростар мен шынжырлардың үзілуі, сақтандырылған заттардың құлауы, олардың басқа заттарға соқтығысуы және апаттық сипаты бар басқа себептер.

5.4. Сақтанушының Мүлікті ерікті сақтандыру шартын жасау кезінде әрі жоғарда айтылған жағдайлардың барлығынан, әрі жекелеген тәуекелдерден немесе олардың бөлігінен (тек өрт жағдайынан, үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерінен және т.с.с.) сақтандыруға болады.

5.5. Жекелеген тәуекелдерді (тәуекелдер тобын) сақтандыру кезінде сол тәуекелдерге қатысты осы Ереженің тиісті шарттары қолданылады.

5.6. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ соның салдарынан келген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

5.7. Мүлікті ерікті сақтандыру шартына Тараптардың келісімімен осы Ережеде көзделмеген қосымша тәуекелдер енгізілуі мүмкін.

5.8. Сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын жаңа шарттармен қайта жасауға немесе тәуекел дәрежесі өзгерген сәттен бастап оның қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған, не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың ықпал етуінің, химиялық немесе бактериологиялық ықпал етудің және/немесе уланудың;
- 2) әскери әрекеттердің кез келген түрінің, азаматтық соғыстың, кез келген түрдегі халық толқуының, жаппай тәртіпсіздіктің, ереуілдің, локауттардың және солардың салдарының; террористік актілердің, азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша мүлікті алып қоюдың, тәркіленудің, реквизициялаудың, оған тыйым салудың, мүлікті жоюдың немесе зақымдаудың, мәжбүрлі түрде мемлекет меншігіне алудың, төтенше немесе ерекше жағдай енгізудің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады.

6.3. Осы Ереженің 5.8, 6.1-тармақтарында көрсетілген жағдайлар жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер қатарына енгізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда олар Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс.

6.4. Сақтанушының кез келген құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

6.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, келесілер үшін Сақтандырушыға жауапкершілік артылмайды:

- 1) сақтандырылған мүліктің тауарлық кейпінің жоғалуы;
 - 2) мөлшері 1,5 ш.м-ден үлкен витриналардың, витраждардың, терезе және есік әйнектерінің, сондай-ақ терезе және есік қораптарының немесе сондай әйнектер бекітілген өзге жақтаушалардың зақымдануы немесе жойылуы;
 - 3) сақтандырылған үйлер мен ғимараттардың сырт жағына бекітілген дінгек, антенна, ашық электр сымдары, плакат қалқандары, қорғауға арналған күнқағарлар немесе витриналардың қалқалары және т.с.с. секілді заттардың зақымдануы немесе жойылуы;
 - 4) жоғалу (жойылу) немесе зақымдану себебі бойынша:
 - а) қолма-қол ақшаға, ағымдағы шоттарға, қолхаттарға, шетел валютасына, борыштық міндеттемелерге, бағалы қағаздарға, чектерге, облигацияларға;
 - б) маркаларға, құжаттарға, манускрипттерге, іскери қағаздарға, компьютерлік жазба жүйелеріне, үлгілерге, модельдерге, жоспарларға, сызбаларға, суреттерге, жәдігерлерге, антиквариаттарға, сирек кітаптарға немесе өнер туындыларына;
 - в) дүлей апаттардың немесе басқа табиғат құбылыстарының нәтижесінде ашық орында тұрған жылжымалы мүлікке;
 - г) автокөлік құралдарына, жолмен жүру құралдарына, тіркемелерге, теміржол локомотивтеріне және жылжымалы құрамға, сумен немесе әуемен қозғалу құралдарына;
 - д) құрылыс, тұрғызу немесе қондыру үдерісінде мүлікке немесе үйлерге;
 - е) құнды құжаттардың немесе жазбалардың, оларға магнитті немесе электронды тасығыштардағыларды қоса ақпараттарды ауыстыру және қалпына келтіру бойынша зерттеу жұмыстарына;
 - ж) егер Мүлікті ерікті сақтандыру шартымен жабдықтың бұзылу тәуекелі өтелмейтін болса, қандай да бір себептен (найзағай соғуды қоса) артық жүктеменің, қысқа тұйықталудың, өздігінен қызудың, электр доғасының пайда болуының немесе электрдің кемуінің нәтижесінде кез келген электр машинасына, аппаратына немесе электр қондырғысының кез келген бөлігіне;
 - з) егер Мүлікті ерікті сақтандыру шартымен жабдықтың бұзылу тәуекелі өтелмейтін болса, осы себептерден туындаған өрттің нәтижесінде зақымдануды немесе жойылуды санамағанда, электрдің тікелей кемуінің немесе желінің артық жүктемесінің нәтижесінде, немесе қысқа тұйықталудың, немесе артық жүктеменің нәтижесінде электр құрылғысының немесе қондырмасының кез келген бөлігіне келген Сақтанушының залалдары;
- 6.6. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының төменде көрсетілген жағдайлардың салдарынан туындаған залалдары сақтандыру қорғауымен өтелмейді:
- 1) Сақтанушының немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған үшінші тұлғаның (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) қаскөйлігі, салғырттығы;
 - 2) Сақтанушының өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуы, улы, өртке қауіпті, жарылғыш заттарды, сондай-ақ химикаттарды немесе сұйық, тығыздалған немесе газ түріндегі газдарды сақтауы;
 - 3) сақтанушының жабдықты пайдалану ережелерін сақтамауы, сондай-ақ сақтандырылған мүлікті оны пайдаланудан басқа мақсаттарға пайдалану;
 - 4) ұшақтың немесе басқа әуе құрылғысының дауыс кедергісін өту кезінде туындаған соққы толқыны;
 - 5) электрден ұшқын шығуы, электр қондырғысының, аппараттарының, аспаптарының, инсталляцияларының, сымдарының немесе басқа электр құрылғыларының зақымдануы;
 - 6) күй-жайының біртіндеп нашарлауы, жасырын ақаулардың: кез келген жәндік түрінің, паразиттердің, кеміргіштердің зақымдауы, қоршаған ортаның ластануы, табиғи тозуы, атмосфералық ылғалдылықтың немесе құрғақтықтың, температураның экстремалды және қарапайым толқулары немесе ылғалдылық, түтін, шөгу, булану, салмағын жоғалту, тот басу, ылғалдан бұзылу (зең, саңырауқұлақ және т.б.), құрғақшылық немесе шіру;
 - 7) ақпаратты өңдеу құралдарының магниттік немесе электрлік зақымдануы, немесе электр жазбаларының өшуі, немесе компьютерлік тасығыштарда немесе басқа ақпаратты сақтау құралдарында ақпараттардың, бағдарламалардың немесе бағдарламалық жабдықтың зақымдануы;

- 8) жарылыс, қазаншұңқырлардан немесе карьерлерден топырақ алу, бос жерлерді топырақпен толтыру жұмыстарын жүргізуден немесе топырақпен толтыру жұмыстарын жүргізуден, сондай-ақ қатты, сұйық немесе газ түріндегі пайдалы қазба кен орындарының өндіруден немесе өңдеуден келген залал;
- 9) сақтандырылған мүлікті тиісті органдармен келіспей және Сақтандырушыға хабарламай, өздігінен қайта жоспарлау, қайта құрылымдау жұмыстарын жүргізудің салдарынан туындаған залал;
- 10) егер опырылу Сақтандыру шартымен өтелетін сақтандыру жағдайының салдары болып табылмаса, құрылыстардың немесе олардың бөлігінің опырылуы;
- 11) егер сақтандыру аумағы Сақтандыру шартын жасаған сәтке дейін дүлей апаттар аймағы болып жарияланған болса, дүлей апаттардың орын алуы;
- 12) ерітілген материалдарды жеткізу желілерінде және/немесе олардың элементтерінде ерітілген материалдарды қамтитын элементтердің құрамының қатуы;
- 13) жертөле немесе өзге тереңдетілген үй-жайларда сақтаулы тауар қорларына еденнен 20 см-ден аз арақашықтықта залал келтірген су және басқа сұйықтықтардың әрекеттері;
- 14) жобадағы (дизайндағы), айрықшамадағы, өндірістегі, материалдардағы қателер және жаңылыстар;
- 15) сақтандыру шартын жасау сәтінде Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) белгілі болған ақаулар;
- 16) төбеден су өту (егер шатыр сақтандыру жағдайы кезінде зақымданбаған болса) немесе есіктерді, терезелерді немесе желдеткіштерді ашық қалдыру;
- 17) автоматты спринклерлі өрт сөндіру жүйелерінен ағу;
- 18) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тура сақтандыру жағдайынан кейін мүлікті ұрлау немесе талау;
- 19) бойлерлердің, экономайзерлердің, сұйыққоймалардың және құбырлардың жарылуы, құлауы, бұзылуы немесе қызып кетуі, ниппельден ағу және/немесе бройлердің түйіскен жерлерінің ақаулары; механикалық, техникалық, электрондық немесе электр апаттары немесе ақаулары; Сақтанушының меншігінен тыс орын алған басқа коммуникациялық жүйелерде электр қуатын жеткізу желілеріндегі апаттар (бұл ерекше жағдай мүлікті «Бұзылу (ақау)» тәуекелі бойынша сақтандырған жағдайда қолданылмайды);
- 20) бос үй-жайлардағы су құбырларының, жылыту немесе өрт сөндіру жүйелерінің қатып қалуы;
- 21) тауарларға өндірістің нәтижесі болып табылған тікелей өндіру барысында келген залал.

6.7. Қатты желден, ұйытқыма желден, дауылдан, құйыннан немесе атмосферадағы табиғи үдерістен туындаған өзге ауа массасынан қозғалысынан болған шығындар бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін залал келтірген желдің жылдамдығы секундына 30 метрден (м/с) асқан жағдайда ғана төлейді. Желдің жылдамдығы тиісті уәкілетті органның немесе мекеменің (Қазгидромет, ТЖМ органдары және т.с.с.) анықтамаларымен расталады.

6.8. Егер сақтандырылған ғимараттар мен үйлердің ұзақ уақыт пайдаланудың салдарынан олардың ескілігі, ішінара жойылуы немесе бұзылуы сол ғимараттар мен үйлердің бұзылу немесе жойылу себептерінің бірі болса, Сақтандырушы сақтандырылған ғимараттар мен үйлердің ескілігі залалдың мөлшеріне әсер еткен шамада сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

6.9. Мүлікті бұзылулардан (ақаулардан) сақтандыру кезінде жоғарыда аталған жағдайларға қосымша келесілер өтелмейді:

- 1) машиналардың (жабдықтардың) пайдалану факторларының (зең, мүжілу, қақ, кавитация, тот басу және т.б.) тікелей тұрақты әсер етуінен жойылуы немесе бұзылуы, алайда егер машина бөлігінің тозуының нәтижесінде басқа машиналар немесе олардың бөліктері бұзылса, онда мұндай оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады және сақтандыру жағдайының нәтижесінде туындаған залал өтелуі тиіс;
- 2) заң бойынша немесе Сақтандыру шарты бойынша (кепілдік міндеттемелер) жауапкершілік жабдықты өндірушіге, жеткізушіге немесе жөндеушіге артылатын залалдар;

3) Сақтандыру шартын жасау сәтінде болған және ол жөнінде Сақтанушыға немесе оның өкіліне белгілі болған қателердің және жетіспеушіліктердің нәтижесінде орын алған залалдар.

6.10. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы келесілер үшін жауапты болмайды:

- 1) Сақтандыру шартында қарастырылған көлемдерден және өтеу сомаларынан асатын зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) сақтандыру аумағынан тыс жерде келген зиянды өтеу туралы талап;
- 3) моральдық залал және жіберіп алған олжа;
- 4) тұрып қалудан келген залал, оның ішінде мүліктің ұрлануының, жоғалуының немесе өзге инвентарлық залалдың, сондай-ақ жабдықты уақытша пайдалану мүмкін болмауының салдарынан тұрып қалу;
- 5) айыппұлдар және (немесе) кез келген әкімшілік өндіріп алулар және санкциялар.

6.11. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін келесілер негіз болып табылады:

- 1) Сақтанушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан залалдарды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының залал келуге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалды тиісті өндіріп алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуын зерттеуіне және өзіне келген залалдың мөлшерін анықтауына кедергі болуы;
- 5) осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламауы;
- 6) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі төленіп қойылған болса, Сақтандырушы оны толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 7) сақтандыру жағдайы құзырлы органдарға немесе ұйымдарға (ішкі істер органдарына, өрт сөндіру қызметіне және т.б.) құжат арқылы тіркелмеген болса;
- 8) егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте Сақтандыру шарты күшіне енбеген немесе күшін жойған болса;
- 9) Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға және/немесе Пайда алушы осы Ережеде және Сақтандыру шартында ескерілген шарттар мен шектеулерді сақтамаған болса;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа жағдайлар.

6.12. Сақтандырушының осы Ережеде көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.13. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Мүлікті ерікті сақтандыру шартының ережелерімен сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін.

6.14. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЖЕРІ

7.1. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысын (немесе оның алғашқы жарнасын) Сақтандырушының шотына немесе кассасына

	«Виктория» СК» АҚ Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 13-ші бет
---	---	--	----------------------------

қолма-қол ақшамен келіп түскен күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап қолданылуды бастайды, бірақ Сақтандыру шартына қол қойған күннен бұрын емес.

7.2. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтандыру кезеңі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартының тоқтау күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын ол жөнінде Тараптардың біріне хабарлаған және сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда, Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7.4. Сақтандыру аумағы сақтандырылған мүлік орналасқан жермен шектеледі. Аталған мүлік пайдаланылатын және орналасатын ғимарат, жайлар, жер учаскелері және т.с.с. сақтандырылуы тиіс жылжымалы мүліктің орналасқан жері болып табылады. Объектілердің орналасқан жері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, жылжымалы мүлік сақтандыру аумағы шегінде орналасқан кезде ғана ол сақтандырылған болып саналады.

7.6. Егер Сақтандыру шартында сақтаудың арнайы шарттарын талап ететін мүлікті (кез келген валютадағы қолма-қол ақша, құжаттар және бағалы қағаздар, пошта маркалары, монеталар және медальдер, бағалы металдар және бағалы металдардан жасалған бұйымдар (үй-жайды сәндендіруге арналған заттарды қоспағанда), зергерлік бұйымдар, меруерт және асыл тастар, басқа да бұйымдар) сақтандыру қарастырылған болса, ондай мүлік үшін сақтандыру орны болып сондай мүліктерге арналған арнайы талаптарға, нормаларға, қағидаларға, нұсқаулықтарға және т.с.с. сәйкес келетін арнайы қоймалар (сейфтер, шкафтар және т.с.с.) орналастырылған арнайы жабдықталған жайлар ғана аталған мүліктер үшін сақтандыру орны болып табылады.

7.7. Жылжымалы мүлікке қатысты сақтандыру аумағын өзгерту Тараптардың өзара келісімі бойынша, жазбаша қосымша келісім жасау арқылы жасалады. Қосымша келісімге қол қойылғаннан кейін ол Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып саналады.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысандағы, Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Сақтанушы өтінішті толтыру кезінде қолында бар құжаттарды ұсынуы және Сақтандырушыға сақтандыруға қабылданып жатқан мүлікке қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы, оның ішінде тиістілігі, күй-жайына әсер ететін мән-жайлар, тауарлық түрі, сақталуы, орналасқан орны және т.б. туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі ұсынған мәліметтердің шынайылығы үшін жауапкершілікте болады.

Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтанушы ұсынған құжаттардың негізінде ол мүлікті тексермей-ақ жасалуы мүмкін.

8.2. Сақтандырушы сақтандыруға қабылданатын мүлікке тексеріс жүргізеді, ал қажет жағдайда оның шынайы құнын айқындау мақсатында сараптама тағайындайды. Сараптама үшін төлем жасау шарттары Тараптардың келісімімен белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін жоғарыда аталған құжаттар оның ажыратылмас бөлігі болып саналады.

8.3. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электрондық түрде жасалады.

8.4. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін асыруға әкеп соқтыратын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

8.5. Егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда орын алған және өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлайды.

8.6. Сақтандыру туралы өтініште, Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетілген мәліметтердегі өзгерістер – саңызды өзгерістер болып танылады. Сонымен қатар, Сақтанушы залал өтеуге жата ма, жатпай ма, оған қарамастан, мүлікті жалға, кепілге немесе үшінші тұлғалардың меншігіне бергені туралы, ғимараттың немесе үйдің бұзылғаны, қайта

	«Виктория» СК» АҚ Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 14-ші бет
---	--	--	---------------------

жабдықталғаны, қайта салынғаны туралы, сақтандырылған мүліктің зақымданғаны немесе жойылғаны туралы

8.7. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе тәуекелдің артуына тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру төлемін төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен қарастырылған тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

8.8. Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне белгілі болған тәуекел дәрежесінің кез келген түрде артуы туралы, оның ішінде ондай өзгеріс Сақтанушының еркіне қатыссыз орын алған жағдайда, шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

8.9. Егер тәуекел дәрежесінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, кез келген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.10. Егер сақтандыру жағдайы тәуекел артқаннан кейін орын алған болса, Сақтанушы осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандырушы өз міндеттемелерін орындаудан азат етіледі.

8.11. Егер міндетін бұзу Сақтанушының кінәсіне негізделмеген болса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті сақталады. Алайда, Сақтандырушы ол сәтке дейін тәуекелдің артқаны туралы білген жағдайларды қоспағанда, егер хабарлама шұғыл жіберілмеген болса және сақтандыру жағдайы Сақтандырушыға хабарлама келіп түсуі тиіс болған сәттен бастап бір айдан астам уақыттан кейін орын алған болса, Сақтандырушы мұндай жағдайда да міндеттемелерін орындаудан азат етіледі.

8.12. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін тәуекел дәрежесі Сақтанушының еркіне қарамастан артатын болса (тәуекелдің объективті артуы), онда Сақтандырушы Сақтандыру шартын болжалданған бұзу күнінен 30 күн бұрын ол жөнінде Сақтанушыға хабарлап, Сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

8.13. Егер Сақтанушының тәуекел дәрежесінің артқаны туралы хабарламасын Сақтандырушы тәуекел дәрежесі артқан сәттен бастап бір айдан астам уақыттан кейін алған болса, Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы міндеттемелерін орындаудан азат етіледі.

8.14. Тәуекелдің онша маңызды емес түрдегі артуы, сондай-ақ сақтандырудың құқықтық қатынастары тәуекелдің артуына тиесілі болмаған мән-жайлар назарға алынбайды

8.15. Егер тәуекел дәрежесінің артқаны туралы хабарлама ол туралы Сақтанушы білгеннен кейін дереу Сақтандырушыға хабарлаған болса, онда тәуекелдің артқаны туралы ондай хабарлама уақытылы хабарланған болып саналады.

8.16. Бұзып кіріп, ұрлаудан және қарақшылық шабуылдан сақтандыру аясында Тәуекел дәрежесінің артуы деп бірінші кезекті сақтандыру орнына кіруге мүмкіндік беретін кілтті немесе қойманың кілтін жоғалтқаннан кейін келісілген қосымша қауіпсіздік қасиеттері бар құлып бағасы тең басқа құлыпқа шұғыл ауыстырылмаған жағдай танылады.

8.17. Тәуекел дәрежесін арттыратын мән-жайлар Сақтанушы қолданатын шаралардың немесе тәуекел дәрежесін кемітетін басқа шаралардың нәтижесінде, әсіресе ол шаралар Сақтандырушымен келісілген болса, жойылады.

8.18. Тәуекел дәрежесі артты ма, артпады ма, оған қарамастан, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтандырушы Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің, сондай-ақ сақтандырылған мүліктің күй-жайы мен құнының шынайылығын тексеруге құқылы.

8.19. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының бланкісін дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде уақытылы алуға;
- 3) Сақтандырушымен келісіп, Сақтандыру шартына өзгертулер енгізуге;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, сақтандыру шартынан бас тартуға.
- 5) Сақтандырушымен келісіп, сондай-ақ, егер Сақтандыру шартында қарастырылған болса, Пайда алушының да келісімімен Пайда алушыны немесе Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға;
- 6) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 7) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына сот тәртібінде шағым білдіруге;
- 8) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға;
- 9) қажет жағдайда Сақтандырушының өкіліне тиісті органдар мен инстанцияларды өз мүддесін қорғауға өкілеттік беруге.

9.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сол сақтандыру объектіне қатысты қолданыстағы басқа да жасалған немесе жасалып жатқан Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) сақтандырылған мүлік туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандырушыға беруге;
- 5) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу үшін барлық мүмкін болған және дұрыс шараларды қолдануға, сондай-ақ белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Мүлікті ерікті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;
- 2) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын уақытылы алуға;
- 3) егер сақтандыру жағдайының басталу ықтималын және оның басталуынан келетін болжалды залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар жағдайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болса, Сақтанушыдан сол жағдайлар туралы мәліметтер алуға (елеулі мәліметтер өтініште белгіленеді);
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оның ішінде артынан акт жасау және міндетті түрде оған Сақтанушының қол қоюы арқылы сақтандыру объектісін тексеруге;
- 5) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сақтандыру нысанының сипаттамасына сәйкес келуін тексеруге, сондай-ақ Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауды талап етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабарлама алуға;
- 7) сақтандыру жағдайы басталғанының құжатпен растамасын алуға;
- 8) Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сақтанушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 9) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен жағдайларын өзі дербес анықтауға;

10) Сақтанушының залал туралы хабарлама-хатын алғанға дейін зақымданған мүлікті тексеруге кірісуге. Мұндай жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға кедергі болмауы тиіс;

11) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;

12) қажет жағдайда сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы құзырлы органдарға сауалхат жіберуге;

13) сақтандыру жағдайының басталуы үшін кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

14) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің арту жағдайлары туралы белгілі болған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын артқан сақтандыру тәуекеліне тең мөлшерде төлеуді талап етуге. Сақтанушы одан бас тартқан жағдайда Сақтандыру шарты Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы бұзылуы мүмкін;

15) Сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру шарттарын, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) мүлікті сақтандыруға қабылдау туралы мәселе бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда Сақтанушымен Сақтандыру шартын рәсімдеуге;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес өзінің дербес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;

4) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді осы Ережеде көзделген мерзімде қабылдауға;

5) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған кезде Пайда алушыға сақтандыру төлемін осы Ережеде көзделген тәртіпте және мерзімде төлеуге;

6) қажет жағдайларда сақтандыру актіні жасау кезінде залалдың себептерін, көлемін және мүліктің құнын айқындау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

7) егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде сол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздемелерін көрсете отырып, осы Ережеде көзделген мерзімде хабарлауға;

8) сақтандыру жағдайы кезінде Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарды өтеуге;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

9.5. Пайда алушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданыс кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру объектіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан Сақтандыру шарттары туралы ақпарат беруге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;

4) Ережемен және Сақтандыру шартымен көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;

6) Ережеге, Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жасауға.

9.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келетін залалды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару шараларын қолдануға;
- 2) шұғыл түрде, бірақ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушының дәлелді себептермен белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау мүмкіндігі болмаған болса, онда ол оны құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болған жағдай туралы шұғыл хабарлауға және құзырлы органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметтері, ТЖ бойынша органдар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да құзырлы органдар мен ұйымдар) құжаттармен тіркеуге;
- 4) Сақтандырушының өкіліне бүлінген мүлікті қарауға немесе зерттеуге, залалдың себептері мен мөлшеріне зерттеу жүргізуге, залалды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруге;
- 5) Сақтандырушының жазбаша келісімін алмайынша бүлінген мүлікке қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ залалды азайту мақсатындағы әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды танымауға және қабылдамауға, Сақтандырушының жазбаша келісімін алмайынша төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдерді жасауға уәде бермеуге;
- 7) Залалдың туындау жағдайын көрсетіп, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген формадағы жазбаша өтінішін, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау үшін және залалдың мөлшерін анықтау үшін қажет құжаттарды беруге.

10.2. Егер Сақтанушы Ереженің 10.1-тармағында көрсетілген міндеттемелерін орындамаса, Сақтандырушы оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы. Егер жоғалған (ұрланған) мүлік туралы құзырлы органдарға хабарланбаған немесе уақытында хабарланбаған болса, онда Сақтанушы сол мүлікке қатысты бөлігінде ғана сақтандыру төлемін төлеу міндетінен азат етіледі. Егер Сақтанушының көрсетілген міндеттерін орындамауы сақтандырылған мүліктің жойылу, зақымдану немесе жоғалу себептерін анықтауға, залалдың сомасы мен Сақтандырушының жауапкершілік көлемін айқындауға әсер етпесе, онда Сақтандырушы залалды өтеу міндеттемелерінен азат етілмейді.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

11.1. Келесі құжаттар сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар болуы мүмкін:

- 1) Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі);
- 2) Сақтандырушы белгілеген формадағы өтініш;
- 3) зақымданған мүлікке меншік құқығы туралы құжаттар;
- 4) құзырлы органдардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттары және сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты басқа құжаттар;

5) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келтірілген зиянның мөлшерін бағалау бойынша құжаттар – егер болса;

6) Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында жұмсаған шығындарды растайтын құжаттар – егер болса;

7) Сақтандырушы келтірілген залал үшін жауапты үшінші тұлғаға кері талап қою үшін қажетті құжаттар;

8) пайда алушының (жеке тұлғалар үшін) жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырылып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырылып тексерілген деректер, тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және Пайда алушының (заңды тұлғалар үшін) БСН;

9) банктік деректемелерін көрсете отырып, сақтандыру төлемін аудару туралы өтініш.

11.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан, Пайда алушыдан) осы Ереженің 11.1. тармағында көрсетілмеген басқа құжаттарды беруді талап етуге, егер сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу факті анықтау және залалдың мөлшерін айқындау мүмкін болмаса, немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтерді алу талап етілсе,

11.3. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер сол құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу факті анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен мүлікті залалдан ерікті сақтандыру ережесінде айтылған және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

11.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.5. Сақтанушы осы Ережеде қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

11.6. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі – органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті сауалхатты жоғарыда аталған органдарға өзі дербес жіберуге құқылы.

11.7. Егер қылмыстық іс қозғалған болса, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде төленеді.

11.8. Сақтанушы, Сақтандырылушы және/немесе Пайда алушы қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін беруге қатысты осы баптың талаптарын орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін төлеуден бас тартуға құқылы.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

12.1. Мүлік жойылған (жоғалған) жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушы нақты залалдың мөлшерін әр сақтандыру объекті бойынша айқындайды.

12.2. Нақты залалдың сомасына сақтандырылған мүлікті сақтандырылған жағдай басталғанға дейінгі күй-жайымен салыстырғанда жақсарту бойынша шығындар, сондай-ақ жіберіп алған олжа мен моральдық зиян енгізілмейді.

12.3. Сақтандыру тәуекелдерінің әсер етуінің нәтижесінде мүліктің (оның бөлігінің) зақымдануынан, жойылуынан немесе жоғалуынан туындайтын мүлдіктік жоғалтулар сақтандыру төлемінің сомасын есептеу мақсатында «нақты залал» деп түсініледі.

12.4. . Тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сараптама ұйымы қайта қалпына келтіру мақсатындағы жөндеу жұмыстарының тиімсіздігін анықтаса, сондай-ақ қайта қалпына келтіру мақсатындағы жөндеу жұмыстарының құны сақтандыру объектінің шынайы құнының 85 %-ынан асатын болса, мүліктің жойылуы немесе оның зақымдануы мүліктің «толық жойылуы» деп түсініледі.

12.5. Жөндеу жұмыстары арқылы мүлік бастапқы тағайындалуы бойынша пайдалану үшін жарамды халге келтірілуі мүмкін болса және оны қайта қалпына келтіруге кеткен шығындар сақтандыру жағдайы басталған сәттегі бағалар бойынша оның шынайы құнының 85 %-ынан аспайтын болса, Мүліктің сапалық сипаттамаларының нашарлауы – сақтандырылған мүліктің «зақымдануы» деп түсініледі.

12.6. Сақтанушыға (Пайда алушыға) тиесілі мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы үшін нақты залалдың мөлшері келесілердің негізінде есептелуі мүмкін:

- 1) сақтандыру жағдайы басталған сәтте қолданыста болған бағаларға түзету коэффициенттерін есепке ала отырып, құндарды қайта есептеу арқылы, атқарушы билік органдары бекіткен құрылыс жайларын бағалау нормаларының жинағы;
- 2) әр сақтандыру объекті бойынша Сақтандыру шартын жасау кезінде келісілген құрылыс (пәтер) элементтерінің (меншікті салмақтардың) құнының пайыздық қатынасы. Негізгі құрылысқа кірмейтін құрылыс жайлары бойынша сақтандыру сомаларының бөлуі болмаған жағдайда нақты залалдың мөлшері негізгі құрылыс бойынша жалпы сақтандыру сомасынан айқындалады;
- 3) сақтандыру объектісі орналасқан жердегі сақтандыру жағдайының басталу сәтінде қолданыста болған құрылыс материалдарының орташа нарықтық бағалары, жұмыстардың және материалдарды жеткізудің құны;
- 4) сметалар, жұмыстарды орындау туралы актілер және Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында келісілген тәуелсіз сарапшылар әзірлеген басқа да құжаттар;
- 5) Сақтандырушы бекіткен басқа бағалау нормалары;
- 6) жойылған, зақымданған немесе жоғалған сақтандыру объектіні жөндеуге (қайта қалпына келтіруге) байланысты басқа ұйымдардың құжаттары, шоттары және бағалары (калькуляциялар, сметалар, чектер, шоттар және басқа құжаттар).

12.7. Егер мүліктің құрамына шынайы (сақтандыру) құны белгісіз объектілер кіретін болса, онда олардың нақты залалы сақтандыру жағдайы басталған сәттегі ұқсас мүліктің шынайы құнының негізінде айқындалады.

12.8. Егер Сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру объектісінің сақтандыру құны көрсетілмесе, онда сақтандыру төлемінің сомасы Сақтандырушының өкілі немесе тәуелсіз сарапшы белгілеген сақтандыру құнының негізінде есептеледі. Сақтанушы мұндай сақтандыру құнын бағалаумен келіспесе, сақтандыру құнын дәлелдеу міндеті сақтанушыға жүктеледі.

12.9. Сақтандырушы залалдың мөлшерін сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған мүліктің құнын есепке ала отырып жүргізілген сараптаманың негізінде айқындайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сарапшыны тағайындауға құқылы. Егер Сақтандыру шартында басқалай айтылмаған болса, сараптама оны жүргізудің бастамашысы болған Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

12.10. Тараптардың әрбірі қайта тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Қайта сараптама оны жүргізуді талап еткен Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

12.11. Сақтандырылған объектілерге қатысты барлық жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы нақты залалдың сомасынан аспауы тиіс.

12.12. Нақты залал франшиза туралы шарттарды ескере отырып айқындалады:

- 1) мүлік толығымен жойылған кезде – мүліктің бағалау құнының мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде, тозу сомасын және қалдықтарының (зақымданған объектінің құрамдас бөлшектерінің пайдалануға немесе сатуға жарамды) құнын шегеріп тастағанда – егер сондайлар болса. Қалдықтар құны олардың тозуын есепке ала отырып белгіленеді.
- 2) мүлікті жоғалтқан кезде – мүліктің бағалау құнына қарай, бірақ Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде;
- 3) мүлік зақымданған кезде нақты залалдың мөлшері сақтандырылған мүліктің құнын сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі сәттегі оның құнына сәйкес келетін халге келтіру үшін мүліктің амортизациялық тозуын және зақымданған бөлшектерінің құнсыздануын есепке алғанда, оны жөндеуге (қайта қалпына келтіруге) кеткен шығындардың құнына тең.

12.13. Қайта қалпына келтіруге кететін шығындарға франшиза туралы шарттарды есепке алғанда келесілерді қамтиды:

- 1) қайта қалпына келтіруге қажет материалдар үшін шығындар;
- 2) қалпына келтіру бойынша жұмыстар үшін төлем жасауға кететін шығындар. Қайта қалпына келтіруге арналған шығындар қайта қалпына келтіру (жөндеу) барысында ауыстырылатын материалдардың тозу құнын шегере отырып белгіленеді.

12.14. Сақтандырылған мүлікті пайдаланудың қауіпсіздігіне қауіп болмағанда, зақымданған бөліктерді жөндеу мүмкін болғанына қарамастан олар ауыстырылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сол бөлшектерді жөндеуге кеткен шығындар құнын, бірақ оларды ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде өтейді.

12.15. Қайта қалпына келтіруге арналған шығындарға келесілер кіреді:

- 1) сақтандырылған мүлікті өзгертуге және/немесе жақсартуға байланысты шығындар;
- 2) уақытша (қосымша) жөндеуден немесе қайта қалпына келтіруден туындаған шығындар;
- 3) жабдықты қайта өңдеу, оны профилактикалық жөндеуден өткізу және қызмет көрсету бойынша шығындар, сондай-ақ сақтандыру жағдайына қарамастан жүзеге асырылған басқа шығындар.

12.16. Егер Тараптардың келісімімен басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру шартымен жаңартылған төлемді төлейді. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен төленеді.

12.17. Сақтандыру төлемі Сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және Сақтандырушы немесе сол уәкілеттік берген тұлға жасаған сақтандыру актінің негізінде жүзеге асырылады.

12.18. Егер Сақтандыру шартында басқалай айтылмаған болса, мүлік өзінің шынайы құнынан аз сомада сақтандыруға қабылданған жағдайда, залал мөлшеріне қатысты сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының сақтандырылған мүліктің шынайы құнына шаққандағы қатынасына тең белгіленеді.

12.19. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Мүлікті сақтандыру шартының ережелерімен сақтандыру төлемінің сомасы шеңберінде залалды заттай түрде өтеу арқылы сақтандыру төлемін ауыстыру қарастырылуы мүмкін.

12.20. Сақтандыру төлемін сақтандыру объектісінің шынайы құнының 85 %-ынан асатын мөлшерде төлеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандырушының пайдасына мүліктік сақтандыру объектінен бас тартуды талап етуге құқылы.

12.21. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша уәкілетті мемлекеттік орган қылмыстық іс қозғаған болса, Сақтандырушы тергеу нәтижелері туралы құжатты алғанға және соңғы процессуалдық шешім қабылданғанға дейін сақтандыру төлемін төлеу мәселесін кейінге қалдыруға құқылы, ол жайында Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

12.22. Егер заңнамамен белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде Сақтанушының сақтандыру төлемін алуға құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

12.23. Ұрланған мүлік қайтарылған Сақтанушы 2 ай мерзім ішінде жөндеуге кеткен шығындарды шегере отырып, алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

12.24. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, шарт бойынша сақтандыру төлемі төленген Сақтандыру шарты сонда көрсетілген қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін, сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру сомасының арасындағы айырмашылық мөлшерінде өз күшін сақтап қалады.

12.25. Сақтандыру жағдайының басталуы байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындарды, егер ол шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болған және жүзеге асырылған болса және тиісті іс-шаралар сәтсіз жүзеге асырылған болса да, Сақтандырушы өтеуі тиіс. Бұл орайда сақтандыру төлемінің және шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Көрсетілген шығындарды Сақтандырушы сол шығындар тікелей келген адамға өтейді.

12.26. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын соңғы қажет құжатты ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

12.27. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (Он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді. Сақтандыру төлемі Сақтанушының банктік шотына аудару арқылы немесе қолма қол ақшамен төленеді.

12.28. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы шешім қабылдағаннан кейін ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып және Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманьна жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

12.29. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқалай келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (Он бес) күнтізбелік күн ішінде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып, хабарлайды.

12.30. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларының негізінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы, алайда, кез келген жағдайда моральдық зиян, жіберіп алған олжа, қандай да бір жанама түрдегі залалдар (айыппұлдар, өсімпұлдар және т.с.с.) сақтандыру арқылы өтелмейді.

12.31. Ақшалар Сақтандырушының банктік шотынан шығынға жазылған күн немесе жәбірленушінің қолма-қол ақшаларды Сақтандырушының кассасынан алған күн – сақтандыру төлемін төлеген күн болып саналады.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда;
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;

2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Осы баптың 13.2 тармағында қарастырылған мән-жайлар бойынша жинақ емес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде Сақтандырушы сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы. Сақтандырушыны таратқан кезде сақтандыру сыйлықақысын (жарналарын) Сақтандырушы Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамамен белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес қайтарады.

13.7. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер ол осы баптың 13.2 тармағының тармақшаларында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

13.8. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының 10%-ын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.9. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10%-ын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.10. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.11. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.12. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.13. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.14. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

14.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

14.2. Ерікті сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

15. ҚОСЫМША ШАРТТАР

15.1. Сақтандыру шарттарының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

15.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

15.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін кез келген басқалай өзгерткен кезде.

15.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) Ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.

3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

- а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- д) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

15.5. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

15.6. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 15.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

15.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 15.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

15.8. Қажет жағдайда Сақтанушы ҚР қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

15.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды міндетті түрде Сақтандырушының Директорлар кеңесінің бекітуімен енгізіледі.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.2, 1.3 тармақтарға, 6.1 тармағының 2) тармақшаға, 6.13, 6.14, 8.3 тармақтарға, 9.1 тармағының 4) тармақшаға, 9.3 тармағының 11) тармақшаға, 9.4 тармағының 3) тармақшаға, 10.1 тармағының 6) тармақшаға, 10.2 тармаққа, 11.1 тармағының 8) тармақшаға, 11.2, 11.3, 12.28-12.31, 13.6, 13.8, 13.9, 15.3-15.8 тармақтарға).